

Бекітемін:
«Ана» б/б меңгерушісі
И.И.Иванова
жоспары

Әдістемелік кеңес отырысының жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Түрі	Жауаптылар
1.	Әдістемелік бірлестіктің № 1-отырысы . Тақырыбы: «Балабақшада жаңа технологияларды қолдану». 1.Әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысын талдау. 2.Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау,бекіту. 3.Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау. 4.Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру. 5Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.	05.09.2023ж	Отырыс	ӘБ.басшысы
2.	Әдістемелік бірлестіктің № 2 отырысы. Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу». 1.№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу».Баяндама	07.11.2023ж	Практикалық семинар	ӘБ басшысы Тәрбиеші Оспанова Д.

3	Әдістемелік бірлестіктің № 3 отырысы. Тақырыбы: «Балалардың ойын барысында тілін дамытатын тиімді инновациялық технологиялар». 1.№ 2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Триз»балалардың ойын барысында тілін дамытатын тиімді инновациялық технология. 3.Педагог қызметкерлерді атесттаттауға дайындау жұмысының деңгейі.	07.02.2024ж	Презентация	ӘБ басшысы Тәрбиеші Дауренова Ш. Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.
4	Әдістемелік бірлестіктің № 4 отырысы. Тақырыбы: 1.Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы. 2.Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша есебі. 3.Жаңа 2024 -2025 оқу жылының міндеттерін анықтау.	06.05.2024ж	Отырыс	ӘБ басшысы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама № 1

Күні: 05.09.2023 ж

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: -

Тақырыбы: «Балабақшада жаңа
технологияларды қолдану».

Жүргізілу түрі: отырыс

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысының талдауы.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру.
5. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.

1. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Бейсенбаева Б.Ж. сөзге шықты.. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыстар бойынша жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Сондай-ақ жыл бойы тәрбиешілермен атқаратын міндеттері мен жұмыстары бойынша бұйрықтар шығарылып бекітілді. Атап айқанда педагогтарға бекітілген тақырыптар бойынша кеңестер ұйымдастырылды: «Балабақшада заттық – дамытушы ортаны ұйымдастыру», «Баланы ерте жастан дамытудың негіздері».

Жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қиын да ұзақ үрдіс. Ол өмір бойы жалғасын табады. Бірақ ең белсенді сезімдер, өмірлік ұстанымдар, адамдарға деген көзқарас, өзін-өзі ұстау мәнері әсіресе мектепке дейінгі жылдарда қалыптасады. Баланың дағдыларын, ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, психологиялық икемділігін тұлғаға бағытталған оқыту қалыптастыратындықтан, балаларды тәрбиелеу және оқыту өте тиімді болып табылады.

Бөбекжай балабақшасының материалдық-техникалық базасы толығымен жабдықталған. Педагог кадрлар жөнінде балабақшада жоғары білімді 5, арнаулы орта 3 тәрбиешілер жұмыс атқарады. Сонымен қатар әдіскер, психолог, ән-саз жетекшісі қызмет етеді. Тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетілуде. Ата-аналарға кеңес, ата-аналар жиналысы, жас мамандармен жұмыстар

жүргізілуде.Мамандармен 5 өндірістік кеңес,5 педагогикалық кеңес,6 меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді. Онда баяндамалар,тақырыптық тексерулер,семинар-практикумдар,дөнгелек үстелдер, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері талқыланып, белгіленген тақырыптар бойынша көрмелер ұйымдастырылды. Сонымен қатар педагогикалық ұжымның білімін тереңдету және педкеңесті жандандыру мақсатында коучингтер, тренингтер өткізілді.Айына бір рет құқықтық отырыс болып өтті.Өндірістік кеңесте бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар және өрт қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізілді.Балабақшада тәрбиелік іс-шаралардың жоспары түзіліп мерекелік ертеңгіліктер өтілді.Балалармен өткізілетін мерекелік ертеңгіліктер ән жетекшісі жүйелі түрде өткізді.

Жылдық жоспарда белгіленген мерекелер толық өтілді: «Білім күні», «Тіл халықтың қазынасы» , «Арайлы алтын күз» , «Менің Қазақстаным», «Төрлет Жаңа Жыл!», «Туылған күніңмен!» , «Денсаулық мерекесі», «Алақай қыс келді» , «Асыл Ана», «Наурыз жыл басы!», « Жер бәрімізге ортақ», «1 Мамыр –Бейбітшілік күні», «7 Мамыр-Отан қорғаушылар күні», «9 Мамыр-Жеңіс күні», «Біз мектепке барамыз», «Бақытты балалық шақ», «Сәлем жаз!» өтілді.

Оқу- тәрбие жұмысына бақылау жасау кесте бойынша жоспарланған тексеру- бақылаулар толығымен өтілді. Тіл мерекесіне, Тәуелсіздік күніне, Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған апталықтар жоспарланып өтілді.Қорытындылар педагогикалық,меңгеруші жанындағы кеңестерде талқыланды. Педагогтар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер дайындады. Тәрбиеші Ш.Дәуренова кіші «Бөбек»тобымен «Жемістер мен жидектер» , тәрбиеші Д.Оспанова ересек «Нұр»тобымен «Пішіндер қалашығына саяхат» , тәрбиеші Р.Джумалиева ортанғы «Балапан» тобымен «» ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоғары деңгейде көрсетті.

Педагогтарға бекітілген тақырыптар бойынша кеңестер ұйымдастырылды: «Балабақшада заттық –дамытушы ортаны ұйымдастыру», «Баланы ерте жастан дамытудың негіздері».

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру үшін ,күтілетін нәтижеге қол жеткізу,заман ағымына сай үнемі даму үстінде болу қажет.Осы орайда балабақша ұжымының құзіреттілігін бағалау негізінде түрлі тақырыпта семинар-практикумдар өткіздік. «Триз технологиясы мектеп жасына дейінгі балаларды креативті,интеллектуалды дамыту құралы»тақырыбындағы семинар-практикумға қатысып,өз білімдерін көтеріп практикада пайдаланды. «Мектепке дейінгі педагогика»бойынша Республикалық қашықтық олимпиадасынан III дәрежелі дипломмен,сертификатпен тәрбиешілер Б.Ж.Бейсенбаева,С.Шиналиева,Н.Бектибаева марапатталды. Балабақша ішінде «Ұздік тәрбиеші-2023 ж»тәрбиешілер арасында сайыс өтті.Сайыстың нәтижесінде тәрбиешілер Д.Оспанова I орын ,Р.Джумалиева II орын,Ш.Дәуренова III орындарға ие болып Алғыс хатпен марапатталды.

Ел болашағының тірегі –жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі ұстаздық ұлағат және шәкірттердің бойына ұлттық рух пен азаматтық жауапкершілік,биік парасат қалыптастырудағы атқарған еселі еңбегі үшін балабақшаның әдіскері Бейсенбаева Б.Ж. Алғыс хатпен марапатталды. ҚР Оқу-

ағарту министрлігі «Өрлеу»БАҰО АҚФ «Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты» Мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы және жоғары нәтижелері үшін балабақшаның әдіскері БейсенбаеваБ.Ж. мадақтама қағазымен марапатталды.

Қай жастағы балалармен жұмыс жасаса да тәрбиеші-әрдайым ізденуші,зерттеуші,тәжірибе жинаушы және таратушы.Бұл-тәрбиешінің шығармашылдығының көрінісі.Балабақшада педагогикалық құндылық пен жаңалықтардан хабардар ететін авторлық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесінде тәрбиеші Бейсенбаева Б.Ж «Ойын арқылы баланың ойлауы мен қиялын дамыту» авторлық бағдарлама жазып, балабақша ішінде таратылды.

Оқу жылының барысында балалардың білімдері бойынша 3 рет мониторинг жүргізіледі - бастапқы,аралық,қорытынды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру,нәтижелерінің сапасын арттыруда балалармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Педагогикалық кадрларды және лауазымдарды атқаратын оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»Занына сәйкес балабақшаның тәрбиеші Бейсенбаева Б.Ж аттестаттаудан өтіп педагог-модератор біліктілік санатына лайық деп таңылды.

Сонымен қатар жұмыс барысында кемшіліктер де бар: көрнекіліктер мен сертификатталған ойыншықтар санын көбейту қажет және әдістемелік кітаптар санын молайту керек. Жұмыс барысында жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді ендіру,жан-жақты ізденіп, жұмыстар жүргізу.Заманауи көрнекіліктермен қамтамасыз ету. Осы мақсатта балабақша ұжымы «Bilim Kids»білім беру платформасына жазылып жаңа әдіс- тәсілдер және жаңа технологияларды пайдалану арқылы жұмыс жасап жатыр.

2022-2023 оқу жылында ата-аналарға арналған консультациялық пункт жоспар бойынша жұмыс жасады. Жылдық жұмыс жоспар бойынша ата-аналармен екі рет жиналыс өтті.Онда жыл басында ата-аналар комитетін сайлау,жылдық жоспарымен таныстыру тағы да басқа мәселелер қаралды.

Биылғы болған қиындықтар мен кемшіліктерді түзету үшін,алдағы оқу жылында алдымызға мынадай міндеттер қоямыз:

- білім стандартының орындалуын қадағалау;
- авторлық бағдарламалар,ғылыми жұмыстармен айналысуға жағдай жасау;
- оқытудың ақпараттық әдістерін ҮІӨ тиімді пайдалану;
- ҮІӨ барлық түрлерінің өту тиімділігін,әдістемесін жетілдіру;
- жас мамандар мен тәлімгерлік жұмысты жандандыру;
- педагогтарды шығармашылық педагогикалық ізденушілікке тарту,шығармашылық топтың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегіжұмыс бағыттарын бекіту;
- педагогтардың әдістемелік деңгейін,кәсіби біліктілігін,шеберлігін дамыту,арттыру;

- тәрбиенушілердің сөйлеу тілін дамытуға баса көңіл аудару;
- тәрбиешілердің зерттейтін тақырыбы бойынша жан-жақты талдау жасау, нәтижесін көрсету;
- өтілетін сайыстарға қатысу;
- кітаптармен жұмыс түрлерін жүргізу.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөз алды. 2023-2024 оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Жаңа оқу жылының әдістемелік бірлестіктің маңыздылығы: оқу үрдісін ұйымдастыруда балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт деңгейінде бағдарламаға сәйкес берілген білімді меңгеруі, балалардың шығармашылығын, өздігінен ізденісін шыңдап, қабілеттерін арттыру. Әдістемелік бірлестіктің ережесімен, міндеттер мен бағыттары мен таныстырып, жұмыс жоспарын талқылап бекітті.

3.Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөзге шықты. 2023-2024 оқу жылындағы балабақшада оқыту үдерісі мынадай Нормативтік құқықтық база арқылы жүзеге асырылады.

4.Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөзге шықты. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Диагностика жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет-оқу жылының басында, ортасында және соңында: бастапқы-қыркүйек; аралық-қантар; қорытынды-мамыр. Балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал етеді. Талаптарға сәйкес мониторинг:

- баланың жетістігін шынайы қадағалауға;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;
- баланың әрбір білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

5. Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөз алды. «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін жете түсінген,көрген,естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын,бұлардың еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да,алғарымпаз ақыл иесі,мейілінше шешен,өнер,білімге құштар,аса қанағатшыл,жаңы асқақ және ар намысын ардақтайтын,жақындарына да,жат адамдарына да әділ,жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп,қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл,ер жүрек болу керек», -деген Аль-Фараби.Педагог әрдайым даму үстінде.Сондықтан өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші болып табылады.Әсіресе тәрбиешінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс-әрекет үлкен әсерін тигізеді.Бұл іс-әрекет болжамы:

- білім саласында болып жатқан кәзіргі өзгерістермен әрдайым танысу;
- өз әріптестерінің әртүрлі формадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ұйымдастыру тәжіребесін оқып үйрену;
- жаңа білім тұжырымдамасымен,бағдарламаларымен т.б. танысу.Өзіннің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагог әртүрлі курстарға қатысады,сол сияқты өз білімін арттыруымен шұғылданады.Өзіндік білім жетілдіру мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып үйрену. Өз білімін арттыру тәрбиешінің тұрақты іс-әрекеті болғандықтан,оған кіретіндер:

- белгілі мәселеге байланысты ғылыми зерттеу жұмысы;
- кітапханаға бару,ғылыми-әдістемелік және оқу кітаптарын оқу;
- педкеңеске,әртүрлі семинарларға қатысу;
- өз әріптестерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жүйелі ұйымдастыру;
- кәзіргі білім беру технологияларының негіздерін оқып үйрену болып табылады.

Бізде барлық тәрбиешілер өзіндік білім жетілдіру папкаларын дайындап,өз тақырыптарына байланысты педагогикалық кеңестерде,әртүрлі сайыстарда баяндамаларымен бөлісіп келеді,-деді.

Шешім:

- 1.Әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүйелеу.
- 3.Жұмыс барысында нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып жұмыс атқару.

4.Тәрбиешілерден алынатын мониторинг мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік негізге алып жүргізілсін.

5.Тәрбиешілердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптыры бойынша шығармашылық есептері дайындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы:



сенбаева Б.Ж.
анова Д.О.

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама № 2**

Күні: 07.11.2023 ж.

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: -

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу».

Жүргізілу түрі: практикалық семинар.

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу». Баяндама.

1. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Бейсенбаева Б.Ж. сөз алды. № 1 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет берді.

2. Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Оспанова Д.О. «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу» тақырыбында баяндама оқып, өзіннің іс-тәжірибесімен бөлісті. Құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу мақсатым:

- балалардың ой-өрісін дамыту;
- логикалық ойлауын дамыту;
- сызба бойынша моделдеуге үйрету;
- дайын үлгі бойынша құрастыруды үйрету;
- балаларды геометриялық фигураларды атауда жаттықтыру.

Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын танып ынтасы дейді. Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар.

Шешім:

1. №1 әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Танымдық және зияткерлік дағдылары» білім беру саласы бойынша құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу қанағаттанарлық деп есептелсін, материалдар жинағы толықтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшы:



Бейсенбаева Б.Ж.
Оспанова Д.О.

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

11.02.2023ж.

Қатысқаны:9

Тақырыбы:Балалардың ойын барысында тілін дамытатын тиімді инновациялық технологиялар.

Жүргізілу түрі:Презентация.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Бейсенбаева Б.Ж.

Хатшы:

Оспанова Д.О.

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Триз» балалардың ойын барысында тілін дамытатын тиімді инновациялық технология.
- 3.Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі.

1.Тыңдалды:№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі:Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. Инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп,тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ,мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр.Педагогтар әлі де толықтырып,жаңдандыру қажет.Бұл тәрбиенушілірдің тапсырманы толық меңгеруіне көмктеседі,-деді.

2.Тыңдалды:

Сөйледі: ортанғы «Бөбек»тобының тәрбиешісі Дәуренова Ш.А. слайд арқылы презентация жасады. Ол өз сөзінде «Триз» технологияның шығу тарихына тоқталып өтті.Мектепке дейінгі балалардың «Триз» технология арқылы шығармашылық қиялын дамытуға өте маңызды әдіс деп айтты.Әдістің мақсат,міндеттерімен,тиімділігімен таныстырды.Мектепке дейінгі баланың ой-қиялын дамытуға өте маңызды деп саналады.Шығармашылық қиялы дамыған бала мектепте де жақсы оқып үлгілі оқушы болады. «Триз» деген әдісін біз өз жұмысымызда белсенді қолданып жүреміз,-деді (презентацияның слайды хаттамаға тіркеледі).

Сөйлегендер: Джумалиева Р.М.: «Триз» әдісін қолдану мақсаты неде?

Дәуренова Ш.А.: «Триз» әдісін қолданудағы мақсатым:

1. Жалпыға бірдей білім стандартын ала отырып, әр баланы объективті түрде дайындау, нақты білім беру.
2. Терең ойлау, өздігінен ізденіп, оқып, білу іс-әрекеттерін меңгерту.
3. Жан-жақты дамыған, білімді жеке тұлға қалыптастыру.

Бейсенбаева Б.Ж.: «Триз» әдісін қолданудың тиімділігі неде?

Дәуренова Ш.А. «Триз» әдісінің қолданудың тиімділігі: 1. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы артады. 2. Логикалық ойлауы және өз бетінше, топтық жұмыс істеу белсенділігі артады. 3. Мақсатқа жетуге талпынады. 4. Өз күшін, білімін байқауға, бақылап, бағалауға ынталанады. Білім беруде «Триз» технологияның көмегі зор.

3. Тындалды:

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөз алды. 2022-2023 оқу жылында аттестаттауға өтініш берген педагогтар өздерінің жоспары бойынша мерекелік іс-шаралары мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді уақытылы өтіп, аудандық және облыстық, қашықтықтан өткен республикалық сайыстарға қатысты. Педагогтардан сауалнамалар алынып, аттестаттау ережесімен таныстырылды. Келесі кезекте аттестаттау папкасын сараптау комиссиясына ұсыну қажет, - деді.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңестің отырысының шешімі қанағаттанарлық деп таңылсын.
2. «Триз» әдісі барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданысқа енгізілсін.
3. Аттестатталушы педагогтардың құжаттарын жинақтап, сараптау комиссиясына ұсынуға дайындау.

Әдістемелік кеңес төрайымы

Бейсенбаева Б.Ж.

Хатшы:

Оспанова Д.О.



Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама № 4

Күні: 06.05.2024 ж

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: жоқ

Тақырыбы: «Оқу жылдың мақсат пен міндеттерін орындалуы».

Жүргізілу түрі: отырыс

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша есебі.
3. Жаңа 2024-2025 оқу жылының міндеттерін анықтау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева өткен оқу жылында әдістемелік бірлестік жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылғанына тоқталды:

- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
- Білім беру бағдарламаларын тиімді меңгерту.
- Ойын арқылы оқыту технологияларын жетілдіру.
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму ортасын ұйымдастыру.
- Ата-аналармен жұмысты жүйелеудің бойынша есебі.

Жылдық жоспарға сәйкес барлық негізгі іс-шаралар өз уақытында орындалды. Педагогтер жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдануға белсенділік танытты.

Тыңдалды:

Бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева педагогтердің кәсіби дамуына тоқталды.

- Әдістемелік семинарлар, тренингтер, коучингтер өткізілді.
- Педагогтер жаңартылған бағдарламамен жұмыс, STEAM бағыттары, монтессори әдістері бойынша тәжірибе алмасты.
- Жаңа педагогикалық технологиялар бойынша ашық сабақтар көрсетілді.
- Тәрбиешілер аудандық байқауларға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер анықтау.

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

- Педагогтердің заманауи педагогикалық технологияларды (STEAM, жобалық әдіс, ойын арқылы оқыту, CLIL) меңгеруін жалғастыру.
- Әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру: коучинг, мастер-класс, практикалық семинарлар өткізу.

2. Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру.

технологиялар бойынша ашық сабақтар көрсеткішді
байқауларға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті.

- Білім беру бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру, оқу қызметін вариативті әдістермен ұйымдастыру.
- Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеріп, жеке даму ерекшеліктерін ескеріп, жеке траекториялар мен жеке даму карталарын сапалы жүргізу.
- Тілдік, зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған шебер-сыныптар мен ойын орталықтарын жетілдіру.

3. Дамытушы білім беру ортасын модернизациялау.

- Топішілік ортаны жаңарту: STEAM бұрышы, сенсорлық аймақ, зерттеу орталығы, кітап ортасы, ролдік ойын ортасы.
- АКТ құралдарын қолдануды кеңейту: интерактивті тапсырмалар, цифрлық ойындар, мультимедиялық материалдар.
- Инклюзивті орта қалыптастыру: ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға жағдай жасау.

4. Балалардың жан-жақты дамуын бағалау және мониторинг.

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын жүйелі мониторинг жасау.
- Мониторинг нәтижесін әкімшілік пен педагогтер арасында талдап, даму динамикасын бақылау.
- Әр баламен жеке жұмыс карталарын жетілдіру.

5. Ата-аналармен серіктестік жұмысын нығайту.

- Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді тарту (жобалар, ашық күндер, шығармашылық апталықтар).
- Ата-аналарға арналған тренингтер, семинарлар, психологиялық кеңестер ұйымдастыру.
- Отбасы мен балабақша арасындағы тиімді коммуникация жүйесін қалыптастыру (чат, ақпараттық бұрыштар, электронды хабарламалар).

6. Педагогикалық тәжірибені тарату және кәсіби қауымдастықпен байланыс.

- Педагогтерді аудандық, қалалық және облыстық байқауларға қатыстыру.
- Әдістемелік бірлестік ішінде озық тәжірибелерді талқылау және тарату.
- Ашық есік күндері мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүйелі өткізу.

7. Қауіпсіз және психологиялық жағымды орта қалыптастыру.

- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша талаптарды орындау.
- Балалар мен педагогтерге арналған психологиялық қолдау жұмыстарын күшейту.
- Эмоциялық жайлылықты көтеретін ойындар мен әдістерді қолдану (арт-терапия, релаксация, тыныс жаттығулары).

Шешімі:

1. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

- қосымша тренингтер ұйымдастырылсын;
- білім беру қызметі жаңартылған мазмұнда ұйымдастырылсын.

2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру бағыттары бекітілсін. Әр педагог 2024-2025 оқу жылына арналған жеке білім жетілдіру жоспарын 25 тамыз 2024 жылға дейін әзірлеп, әдіскерге тапсыруы міндеттелсін.
 - Әдіскерге педагогтердің өз білімін жетілдіру іс-әрекеттерін бақылау, қажетті әдістемелік көмек көрсету тапсырылсын.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘБ жұмысының міндеттеорі бекітілсін.
 - Педагогтерге бекітілген міндеттерді орындау жүктелсін.
 - ӘБ жетекшісіне бекітілген міндеттерді жүзеге асыру бойынша жылдық жұмыс жоспарын 2024 жылғы 25 тамызға дейін дайындау тапсырылсын.
4. Осы шешімінің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі: Т.Шиналиева
ӘБ жетекшісі: Б.Ж.Бейсенбаева

